

«92» 12 2021 ж.  
№ 97 бүйреккә  
1 - қосымша

**«Тәуелсіздік Ұрпағы» тақырыбында  
орта білім беру ұйымдарының ұстаздарына  
қалалық байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

## I. Жалпы ережелер

**1.1** Ереже байқаудың (бұдан әрі – Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және откізу тәртібін айқындайды, Байқауға ұсынылатын материалдарға койылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, женімпаздарды айқындау және марапаттау тәртібін белгілейді.

**1.2** Ұйымдастырушы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК.

**1.3** Қатысуышылар: қалалық сырттай Байқауы көркем еңбек пәні педагогтері үшін Білім беруді жаңғырту орталығының жоспарына сай өткізіледі.

## II. Байқаудың мақсаттары мен міндеттер

**2.1 Байқаудың мақсаты:** білім үдерісінде жаңартылған білім беру жүйесінің мазмұнын жүзеге асыру жағдайында Нұр-Сұлтан қаласының педагогтерінің шығармашылық белсенділігін дамытуға жағдай жасау.

**2.2 Байқаудың міндеттері:**

- педагог қызметіндегі инновациялық процестердің сапасын арттыру; акпараттық- байланыс технологияларын қалыптастыру;
- орта білім беру ұйымдарындағы заманауи технологиялар мен сабак күрылымының әдістемелерін тарату;
- орта білім беру ұйымдарындағы педагогтердің кәсіби шеберлігін шындау және мұғалім мамандығының беделін арттыру;
- көркем еңбек педагогтерінің кәсіби тәжірибесінің үздік үлгілерін насиҳаттау.

## III. Байқауды откізу, ұйымдастыру

**3.1** Байқауды ұйымдастыру және откізу үшін Сараптамалық және Қалалық комиссия құрамы құрылады.

**3.2** Байқауға қала мектептерінің көркем еңбек пәні бойынша кемінде 3 жылдық еңбек өтілі бар және оқытуда жоғары жетістіктері бар педагогтер қатыса алады.

#### **IV. Жұмыстарды орындау техникасына қойылатын талантар:**

##### **4.1 Бейнелеу өнері**

Орындау техникасы:

- акварель
- гуашь
- акрил
- түсті графика
- мүсін

##### **4.2 Сәндік-қолданбалы өнер:**

- ағаш ою
- батик
- киізбен жұмыс
- тоқыма коллажы
- нақыштау
- жұмсақ ойыншық

#### **V. Бағалау критерийлері:**

##### **5.1 Суреттер конкурсы:**

- байқау тақырыбына сәйкестігі;
- ой мен орындаудың бірегейлігі;
- орындаудың көркемдік деңгейі (безендіру элементтерінің дизайны, түстік үйлесімі, композициялық шешімнің сапасы);
- жұмыстың эмоционалды әсері;

##### **5.2 Сәндік-қолданбалы өнер конкурсы:**

- шеберлік деңгейі, таңдалған техниканы менгеру;
- бұйымның эстетикалық түрі (бұйымды безендіру);
- бұйымның стильдік, көркемдік және бейнелік шешімінің бірлігі;
- дизайнның өзіндік ерекшелігі, оның көркемдік көрінісі;
- халықтық дәстүрлерді, әдістерді қолдану.

##### **5.3 Конкурсқа қатысуға қабылданады**

- кез келген техникада, соның ішінде аралас, кез келген материалдан, кез келген құралмен орындалған жұмыстың фотосуреті. Жұмыстар түп нұсқаны сканерлеу немесе суретке түсіру арқылы орындалған электрондық көшірмелер (графикалық файлдар) түрінде қабылданады. **/JPEG пішімі/**
- автормен жұмыс фотосуреті Файл параметрлері: **JPEG пішімі.**
- конкурстың жұмыста жұмыс фотосуретінің шеткі он жақ тәменгі бұрышына: білім беру үйіміның атауы; конкурстың атауы, номинация, техника; автордың тегі мен аты-жөні деген заттаңба (этикетка) орналастырылады.

Әр қатысушыдан бір шығармашылық жұмыс қабылданады. Конкурсқа үжымдық жұмыстар жіберілмейді.

- **ұйымнан Өтінім** (Өтінім күжаты Word бағдарламасында мөрмен және басшының колымен расталған) **2021 жылғы 10 желтоқсанға** дейін электрондық поштаға жіберіледі [konkurs.nezavisimoti30let@mail.ru](mailto:konkurs.nezavisimoti30let@mail.ru) (1 қосымша).-
- **жұмыстар 2021 жылдың 10 желтоқсанына** дейін қабылданады. электрондық мекен-жайға [konkurs.nezavisimoti30let@mail.ru](mailto:konkurs.nezavisimoti30let@mail.ru)

## **VI. Қорытынды шығару, женімпаздарды марапаттау:**

### **2021 жылғы 20 желтоқсан**

**6.1** Байқау қорытындысы 2021 жылғы 20 желтоқсан күні шығарылады.

**6.2** Қазылар алқасының құрамына өнер қайраткерлері, суретшілер мұғалімдері одағының мүшелері, сәндік-колданбалы өнердің жетекші шеберлері кіреді.

Конкурстық жұмыстарды бағалау үшін конкурстың Ұйымдастыру комитеті құрамында қазылар алқасының төрағасы, хатшысы және мүшелері бар қазылар алқасын құрады. Қазылар алқасының құрамын және төрағасын конкурстың Ұйымдастыру комитеті бекітеді. Қазылар алқасының шешімі қайта қарауга жатпайды.

**6.3.** Байқау үш номинация бойынша бағаланады.

**6.4.** Әр номинацияда женімпаздар I, II, III дәрежелі онлайн дипломдармен марапатталады, жүлделі орындарға ие болмаған қатысушылар қатысу сертификаттарын алады.

**6.5.** Женімпаздардың жұмыстарын алдағы уақытта Facebook және Instagram байқауларының үздік жұмыстарының электрондық топтамасы аясында көрсету жоспарлануда.

**6.6.** Конкурсқа қабылдау күнінен кешіккен жұмыстар қабылданбайды.

**Анықтама телефоны:** 87016722529